



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ОНЛАЙН СЕМИНАР
ӨТТІ

Түркология ғылыми-зерттеу институты Түркия, Якутия, Польша, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің ТҮРКСОЙ кафедрасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының қатысуымен «Тіл мен ұлттың байланысы» атты Халықаралық онлайн семинар ұйымдастырды.

2 БЕТТЕ

ЕЛБАСЫ ӨКІЛЕТТІЛІГІН ТОҚТАТТЫ

Наурыз айының 19-жұлдызында қазақ елінің 30 жыл басшысы болып, тәуелсіз еліміздің қалыптасуына септігін тигізген, мемлекет болып құрылуына, жеке дара ел болып шығуына үлкен үлес қосқан, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз орнын босатты.

3 БЕТТЕ

НАУРЫЗ ТОЙЫ ТОЙЛАҢДЫ

Жатақханадағы бар мүмкіндікті пайдаланып, қыздарымыз өз қолдарымен «Наурыз көже» әзірледі. Ұстаздарының мақтауын естігендегі жадыраған көздерін көрсеңіздер. Біздің қыздарға сабақтан дастархан жаю оңай екен дедік...

5 БЕТТЕ

БІР СӘТТІК ОЙ

Бар дүние мен ақыл ойдан кенде досым-ай, сен мына өмірдің кереметін, ақша мен байлықтың құдіретін қайдан ұғынаарсың. Саған қарның тоқ болса жеткілікті емес пе? Егер де мына ақшаны бәрсе де (қалтасынан бір бума ақша шығарып) қалай жарататыныңды да білмейтін мақұлықсың ғой, сен.

5 БЕТТЕ



Қымбатты әріптестер мен студенттер!

Сіздерді Ұлымыз Ұлы күні - Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз мерекесі - ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Міршіліктің, оқиғаның, Ақынның, мөлдірдің, Жаңғыратын кезеңі - Наурыз мейрамы құтты болсын! Барша Түркі әлемінің ортақ Жаңа Жылы - Наурыз дәрінізге құт өкелеін! Әз Наурыздың шығыс халықтары - бірліктің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі деп түсінеді. Делек адамдар арасындағы ынтымақ пен бірліктің шалып Жазар бұл мереке өрине Ұлы! Біз алдымызға ұлкен жоспарлар мақсатпен қойдық. Осы Жолда бірге Ұзын жолға етін, алға қойған мақсаттарды нәтижелі аяқтауда бірлігіміз мығым болғай! Қымбатты университет ұжымы және шәкірттер! Сіздерді көктемнің Жарқын мерекесі Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Жақсылық пен Жылқылықтың,

ізгілік пен мейіргіліктің бастау алаңында көңілдеріңіз көтерілсе, Жүздеріңіз жарқын болсын! Жаңа Жыл Сіздердің барлық істеріңіз бен Жаңаша бастамаларыңызға ақ Жол ашып, мол табыстар ала келсін! Сіздерге жетістіктер мен кәсіби табыстар тілеймін. Білім мен ғылымның шыңын бағындыра беріңіздер! Алдағы жыл жақсы өзгерістерге, құлағышты өмістерге толы болып, ырсы пен берекенің арқауы болғай! Достық пен татулықтың, бірліктің, ізгілік пен ізеттіліктің мейрамы құтты болсын! Жаураларыңызға шаттық пен береке, мол жақсылық тілеймін! Ұлымыз Ұлы күні құтты болсын!

Құрметпен, университет ректоры
Б.Е.Абдрахманов

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ УНИВЕРСИТЕТІМІЗГЕ КЕЛДІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев алғашқы жұмыс сапарын қасиетті Түркістаннан бастады. Сапар барысында Президент Қ. Кемелұлы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Түркістан облысының халқымен кездесу өткізді.

Кездесуде Президент «Заңнан жоғары ешнәрсе болмау керек! Ең басты мақсат - әділ әрі тиімді қызметтер. Мемлекеттік қызметкерлер халықпен тығыз байланыста болуы міндетті!» – деді. Әкімдердің есеп беруі жылында бір рет ғана емес, жыл бойы жалғаса беретіндігін, халықпен етене жақын жұмыс жасау қажеттігін, жемқорлықпен күрес күшейе түсетіндігін сонымен қатар, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың Жеті қыры»

бағдарламалары жалғаса беретіндігін жеткізді. Жастар жылында болашақтың іргесін қалаушыларға үлкен мүмкіндіктер берілуін, жұмысқа орналастыруда жас мамандардың көптеп тартылуын қамтамасыз ету қажеттігін баса айтып өтті.

Іс-сапар барысында, оқу ордамыздың ректоры Б. Серікбайұлы Президент Қ.Кемелұлына университетіміздің даму жоспарын қысқаша таныстырып өтті. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың алғашқы жұмыс сапарын киелі өңірден бастағаны оның ішінде түбі бір түркі жұртының ортақ білім ордасына арнайы келгендігі біз үшін зор мәртебе! Түркістан төріне аяқ басқан жаңа Елбасымызды үлкен ілтипатпен қарсы алған облыс халқы ерекше тебіреніспен үлкен сый-құрмет көрсетті.



АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Таяуда университетімізде «Заманауи медицина: дәстүрлер мен инновациялар» атты II Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Екі күндік шараның алғашқы ашылу салтанаты білім ордамыздың басшысы Болатбек Абдрасиловтың қатысуымен өтті.

Ресей мен Өзбекстан елдерінен келген жас ғалымдарға университет ректоры екі тілде ресми ақпарат берді. Медицианың өмірімізде алатын орны бөлек екенін жеткізді. Бүгінгі буынның ғылымға деген зейіні, әсіресе денсаулық сақтау саласына оң көзқараспен қарауы университет басшылығын қуантатынын айтты. Қонақтарға ерекше көңіл бөлуді талап етіп, студенттерге сәттілік тіледі.

Шараға медицина факультетінің деканы

Ықылас Молдалиев модераторлық етті. Конференция қонақтары қатарында Семей медицина университетінен 13 делегат, Асфендияров атындағы медицина университетінен 19 қатысушы бар. Одан өзге Астана, Қарағанды Алматы, Ақтөбе, Шымкент шаһарларынан да келген жас ғалымдар шараға қатысты.

Алғашқы баяндаманы оқу ордамыздың білімгері Тимур Махмудов бастап оқыды. Өзінің тақырыбын толығымен талдап, өзі ойлап тапқан құрылғымен таныстырды. Хирург маманына көмекші құралды алдағы уақытта дамыта түспек. Тимурдың жобасы бойынша қонақтар сұрақтарын қойып, мардымды жауаптарын алды. Үзіліс кезінде келген қонақтарға университет асханасынан түскі ас берілді.

Ақпарат орталығы

АПТА АЙШЫҚТАРЫ

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Түркістан қаласында Мемлекет басшысының қаланы дамыту туралы тапсырмасын іске асыру жөнінде кеңес өткізді.

Кеңес барысында қалада өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету және құрылыс салу, оның ішінде инженерлік инфрақұрылым жүргізу, сондай-ақ экономика және бизнестің, туризмнің өсуінің жаңа бастауы ретінде дамыту перспективалары қаралды. Аталған алқалы жиынға өңір активі және оқу ордамыздың басшысы Болатбек Серікбайұлы да қатысты.

18 наурыз Чанаккале жеңісінің 104 жылдығы және шахидтерді еске алу бағдарламасы өтті.

2019 жыл 18 наурызда Мәдениет орталығында Студенттер кеңесі тарапынан ұйымдастырылған шараға университет ректоры Болатбек Абдрасилов, I-вице-президент, Женгиз Томар, вице-президенттер Өмірбек Үмбетов, Пусат Пилтен, Шолпан Есимова сондай-ақ университет оқытушылары мен студенттер қатысты.

Бағдарламада алғашқы сөз кезегін алған университет ректоры Болатбек Абдрасилов Чанаккале соғысының маңыздылығын тереңінен қозғай келе қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Мағжан Жұмабаевтың «Алыстағы бауырыма» атты өлеңінен үзінді келтіріп «қазақ халқы әрқашанда түрік бауырларының жанынан табылатындығын» тебіреніспен жеткізді. Чанаккаледе көрсетілген ерлік пен батылдық Мұстафа Кемалға өз азаттығы үшін күресуге айрықша күш берді, осы күштің арқасында Анадолыда жаңа мемлекеттің құрылғанын айтып өткен университет ректоры Болатбек Абдрасилов, «Түркия мен Қазақстан достығының ұйытқысы болған Ахмет Ясауи университетінде Түркі дүниесінен келген студенттермен бірге Чанаккале шахидтерін еске алуға мен де қуаныштымын, бірлігіміз бен тірлігіміз арта берсін» деді.

Ал вице-президент проф. док., Женгиз Томар Чанаккале шахидтерін еске алу бағдарламасына қанша рет қатысса да, бүгінгі бағдарламаның Түркі дүниесінің рухани ордасы Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың топырағында өткізіліп жатқаны ерекше әсер етіп отырғанын айтып өтті.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі «Билиг» Түркі дүниесі Әлеуметтік ғылымдар журналы редакциясының мүшесі профессор, доктор Али Экбер Шахин «Халықаралық басылымдар үшін мақала жазу және жариялау» атты тақырыпта семинар өткізуде. Аталған шараға оқу ордамыздағы оқытушылар мен профессорлар қатысты. Жиынға университет басшылығының өкілдері де қатысып, ортақ тақырыпта талқылау өткізді.

Наурыз айының 8-9 аралығында Алматы қаласында самбо күресінен жастар арасында ҚР чемпионаты өткізілді. Чемпионатқа еліміздің барлық облысынан 400-ге жуық спортшы қатысып өзара бақ сынады. Айта кететін жайт, бұл спорт бәсекесінде әлем чемпионатына іріктеу негізгі мақсат. Спорт додасында студенттеріміз Бибарыс Әбдігани мен Молдаш Кемелбек дара атанып университет абыройын асқақтатты. Ел көз тіккен жарыста 68 кг салмақта Молдаш Кемелбек 1-орынды иеленсе, +100 кг салмақта Бибарыс Әбдігани «түйе палуан» атанып автокөлік иеленді. Сүйіншіленген хабарды қос бірдей палуанның жаттықтырушысы Мұхтар Бөгембаев жеткізді.

Оқу ордамызда «Білім беру бағдарламаларын және зерттеулерді жобалау» тақырыбы бойынша оқытуды бастады. Тренингті аға сарапшылар қызметінің (SES) сарапшысы, Қолданбалы зерттеулер университетінің (Лейпциг қ., Германия) Жоғарғы инженерлік, экономика және мәдениет мектебінің профессоры Рудольф Швайкарт жүргізеді. Профессор Рудольф Швайкарт көптеген жылдар бойы кәсіби қызметте әлеуметтік менеджмент және әлеуметтану, еуропалық білім беру стандарттары және қазіргі заманғы әлеуметтік зерттеу әдістері саласындағы сарапшы болып табылады.

Өзбекстан Республикасындағы Ташкент, Самарканд қалаларында «Алтын Мұрагер» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен 13-15 наурыз күндері Қазақстан Республикасынан барған 12 жоғарғы оқу орындары жәрмеңке өткізді. Жоғарғы оқу орындарының жәрмеңкесіне Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің вице-президенті Ө. Әбуов пен ректор кеңесшісі Е.Төлегенов қатысып келді.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОНЛАЙН СЕМИНАР ӨТТІ

Түркология ғылыми-зерттеу институты Түркия, Якутия, Польша, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің ТҮРКСОЙ кафедрасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының қатысуымен «Тіл мен ұлттың байланысы» атты Халықаралық онлайн семинар ұйымдастырды. Семинар түркі халықтарының тіл мәселесіне арналды. Алғашқы байланысты Варшавадан жалғаған профессор Е. Қажыбек түркі жұртына ортақ әліпби керектігін айтудан бастады. Елбасы Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қазақ тілін біртіндеп латын қарпіне көшіру жұмыстарын бастау керектігін айқындап бергені белгілі. Бүгінде бұл жұмыспен А. Байтұрсынұов атындағы Тіл білімі институты арнайы айналысуда. Түркі халықтары үшін ортақ тілі болмай, болашағы бір бола алмайды деп түйіндеді.

Семинарда арнайы баяндама жасаған Анкарадағы түркі тілі қоғамының президенті доктор, профессор Гүрер Гүлсевин сонау Тонкөк жырында кездесетін «тіл» сөзі әлі де ұрпақтарының тілінде өмір сүруде. Қазақ та, қырғыз да, өзбек те «тіл» дейді. Ал оғыздар -т дыбысын ұяңдатып «діл» дейді, деп бастаған баяндамашы түркі тілі мен мәдениетін бір өзенге ұқсатуға болатынын, бүгінгі түркі халықтарының тілі, діні, ғылымы, кітабы, дағдысы т.б. толып жатқан ортақ қасиеттерін санамалай отырып, түркі халықтарының өзара бірлігін нығайтуға күш салуды сөз етті. Ең өзекті саналатын «Түркі тілінің жағдайы дегеніміз не?» деген сауалды алға тартып, соның жауабы болатын бірнеше мысалдар келтіріп, сөз соңында, көне түркі тілінен бері қолданылып жүрген ортақ сөздер сақталуы керек; Ислам мәдениеті шеңберінде ұлттық тілімізге сіңіп кеткен араб, парсы сөздерін сақтауымыз керек; түркі әлемі жастарының басын қосып, олардың бірге оқуға

мүмкіндіктерін кеңейтуіміз керек; оқу құралдарында ортақ мәтіндер болу керек, т.б. бірнеше ұсыныстарын білдіре кетті.

Семинарда Якутиядан байланысқан саха ғалымы С. Кондратьев, Түркі әлемінен бөлініп кеткенімізге талай ғасыр өтті. Саха тіліне моңғол мен орыстың ықпал өткенін де білесіздер. Алайда «Саха тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігін» жасап шығардық, осы еңбекті түрік тіліне қосқан үлесіміз,-деп, қабылдауды ұсынды. Қазір түркі әлеміне қосылып, ендігі байланыстарының ары қарай жалғаса беретінін қуана жеткізді.

Түркі дегенді қойып, түрік десек болар еді,- деп, сөзді төтесінен бастаған А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалым қызметкері, профессор Ө. Жүнісбек, Түрік мемлекеттері латын әліпбиін өзінше қолданып, бір-бірімізді түсінуден қалдық. Егер түрік жұрты 34 таңба латын әліпбиін қолданса, ортақ құндылықтарымызды еркін оқуға мүмкін болар еді. Біз бір-бірімізді қолдап, түрік тілін насихаттау жолдарын қарастыруымыз керек екенін ашып айтты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің ТҮРКСОЙ кафедрасының меңгерушісі, доцент Т.Қыдыр, бүгінгі өткізіліп отырған онлайн-конференция түркі халықтарына ортақ өзекті мәселені қозғап отыр. Түркі халықтарының рухани тұтастығы жолындағы ізденістер үшін мұндай шаралар маңызды. Сонда ғана алыстағы ағайынмен мәдени һәм ғылыми байланыс орнату барынша жақындата түсері анық екенін айтты.

Семинар соңында Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры, ф.ғ.к. Сердар Дағыстан, семинарға қатысушы ғалымдарға институт атынан алғысын білдіріп, күллі түркі жұртына ортақ Наурыз мейрамымен құттықтады.

ТҮРКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚСТАН – ПОЛЬША БАЙЛАНЫСТАРЫ НЫҒАЯ ТҮСПЕК

Жуырда оқу ордамызға Польшаның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Селим Чазбиевич келді. Университет басшыларымен келелі жиын өткізді. Онда білім-ғылым саласындағы өзара ынтымақтастық орнату жайы сөз болды. Саясаткер, профессор, Вармян-Мажарский университетінің тарих ғылымдарының докторы, ақын, Польшадағы жалғыз поэзиялық авторлық жинақтың авторы ғылым-білім саласында өзінің ойымен бөлісті. Келелі жиында қос мемлекет бірігіп жүзеге асыратын мәселелер жайы сөз болды.

Селим Чазбиевич, Қазақстан мен Польша – инвестициялық байланыс бойынша да жақсы әріптес елдер екендігін тілге тиек етті. «Бүгінгі таңда Қазақстан өте қызықты кезеңдерді бастан өткеріп отыр, мен дипломат ретінде емес, латын тіліне көшу — өркениет революциясы», — деді елші. «Бұл дереу көрінбейді, бірақ он бес жылда ауқымды бағалауға болады. Түркияға

қарасаңыз, араб әліпбиінен латын тіліне ауысты. Қазір біз түріктердің еуропалық жұмыс ұйымдастыру, басқару жүйесін ауыстырғанын көріп отырмыз, сол сияқты қазақ жерінде де осындай өзгерістер орын алады деп сенім білдірді елші. Елшінің айтуынша, Польшада да оқу орындары қазақ тілінде сабақ өтетіндігін айтты.

Жиын барысында университет ректоры Болатбек Абдрасилов өзінің бірқатар ұсыныстарын айтты. Алдағы уақытта телекөпір арқылы байланыс жасап, студенттерге лекция өткізу, Польша жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлық бағдарламаларын тек студенттер ғана емес, сонымен қатар оқытушыларымыздың да білімдерін жетілдіру сияқты дүниелермен тығыз байланыста жұмыс жасасақ дегенді алға тартты. Университетімізде Польшаның ЖОО-мен академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы келісім-шартқа отырып, ынтымақтастық орнатылған. Алдағы уақытта екі елдің арасындағы достық, әріптестік байланыстар нығая түспек.

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



ЕЛБАСЫ ӨКІЛЕТТІЛІГІН ТОҚТАТТЫ



Наурыз айының 19-жұлдызында қазақ елінің 30 жыл басшысы болып, тәуелсіз еліміздің қалыптасуына септігін тигізген, мемлекет болып құрылуына, жеке дара ел болып шығуына үлкен үлес қосқан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз орнын босатты. Егемендігін енді алған мемлекеттің елдігін көтеріп, мерейін асқақтатып, тұғырлы туымызбен төрімізде түлеген әнұранымызды шырқатып, елдігімізді дәлелдейтін елтаңбаны Ақорданың төріне орналастырды. Сарыарқаның сары даласын еңселі Елордаға айналдырды. Аз ғана уақыттың ішінде Елбасымыздың арқасында Қазақстан Республикасы барша өлемге танылды. Басшы болып сайланған уақыттан бастап еліміздің экономикасына, мәдениеті мен дамуына зор үлес қосып, бүгінгі күнге дейін бірқатар ұлтаралық, халықаралық келіссөздер жүргізді. Сонымен қатар әлемдік аренада САММИТ, ЭКСПО, АЗИАДА, УНИВЕРСИАДА секілді әйгілі іс шараларды зор мақтанышпен өткізді. Ал мемлекет ішінде елдің дамуына арналған бірнеше бағдарламалар мен жоспарлар құра отырып, облыстар мен қалалардың мәртебесін көтерді. Айта кетсек, Түркістан қаласының облыс атануы. Бұл біз үшін үлкен жетістік және жауапкершілік. Осы жауапкершілікті сезіне отырып, "Жастар жылын" қолдай отырып, Елбасының бізге артқан үмітімен сенімің ақтаймыз. АЛФА ҚАЗАҚСТАН!!!

Үміт ТҰРСЫНХАН,
студенттік президент

БІР СӘТТІК ОЙ

Қыстың ызғарлы күндерінің тоңы еріп, жер ана бусанып, ақпанның суығын наурыздың жылуы алмастырған шақ еді. Күзде жылы жақты аңсап ұшып кеткен жыл құстары келіп, табиғаттың көркін әсем үндерімен толықтыра түскендей. Көктемнің жайма шуақ күнінің шұғыласы тек қатып қалған мұзды ғана емес, адам жүрегінің түкпіріндегі тоңды да еріткен секілді. Тіршілік біткен жаңарып адам жанын ерекше сезімге бөлеп тұр. Осындай керемет шақтың нұрына шомылып, кәрі шырша түбінде бір ит жатыр. Мына дүниеге, мына ғаламға иттің көзімен талдау жасап, арлы-бәрлі асыға жүріп бара жатқан адамдарға өзінше ішінен күбірлеп сөйлей бастады.

Осы екі аяқты жандарды түсінбей-ақ қойдым. Арайлап таң атқан сәттен, күнді ығыстыра ай жеткенге дейін әйтеуір асығады да жүреді. Бір күні өтсе соған мез. Аптаның басы басталса соңы қашан келеді екен деп күн санаумен болады. Қайда? Неге? Асығатынын түсінбеймін. Кішісі ер жетсем дейді, ер жеткені ел ағасы болсам деп талпынады. Осылай жүріп мәңгілік қапасақ еніп кетерін түсінбейді-ау, шамасы. Тіпті, біреулері түнімен жапан даланы жалпағынан басып, уақыт өткізеді де жүреді. Еш уақыт еш нәрсеге көңілі толмай, бұлданып, қабақтарын түйіп алып, инедей дүниеге найза кіргендей қабылдайтыны тағы бар. «Көктем келді-ау», «Құстардың тамаша үнін қарашы» - деп жүрген біреуі жоқ. Эх, адамдар, жаратқанның берген осындай кереметтерінің қадірін қанша ұғымтал сана берсе де жете бағаламайтындарың төрт аяқты жануар болсам да мені қынжылтады. Өмірдің таудай игілігін байқамастан, түймедей қиындыққа қажып, өмірден баз кешетіндерің не осы?! Төрт аяқты жануар болсам да, қанша тамақ таппай қиналсам да, мына өмірге келгенімен өкініп, күпірлік жасаған емеспін. Ал, мына адамдар болса, кішкене қиындық үшін өмірге өкпесін айтып, шағымдануға құмар. Осылай бірінің артынан бірі тізбектелген ойларын айтып отырғанда –жүзі солғын тартқан, еңкіштеу бойлы, дөңгелек жүзді қария жанындағы орындыққа келіп жайғасты. Дөңгелек көздерін алыс көкжиекке тастап жіберіп, бір күрсініп алды да, жан жағындағы құбылысқа менсінбей қарап қойды. «Осы да табиғат па екен?! Мен қаласам мұнан жүз есе күштісін қолдан жасап аламын» деп жанында жатқан итке қарап:

Бар дүние мен ақыл ойдан кенде досым-ай, сен мына өмірдің кереметін, ақша мен байлықтың құдіретін қалай ұғынарсың. Саған қарның тоқ болса жеткілікті емес пе? Егер де мына ақшаны



берсем де (қалтасынан бір бума ақша шығарып) қалай жарататыныңды да білмейтін мақұлықсың ғой, сен.

Сен бұл ақшаның құдіретін қайдан ұғынасың деп итке мұрнын шүйіре қарады. Ал, ит болса оқ тесіп өтердей көздерімен қарияға қарады да:

- Эх, адам деген мақұлықтан да өткен надан болады екен ау, ақша адамның түбіне жететіндігін түсінбейтін қандай санасыз едің. Жаратқан адам баласына барлық тіршілік пен жануарлардан артық болуы үшін оймен сана берген. Бірақ, сол бақытты бағалай білмеген адамдар-ай. Мына дүниені тек сәнді киім мен дәмді тамақпен өлшейтіндерің не осы. Сол үшін адал жолдан аттап арларыңды да сатуға әзірсіңдер –ау... деп кете барды

Ит байғұстың айтқан сөзін адам қайдан ұқсын. Сол бәз қалпында отырған күйі ақшасын құшақтап отыра берді. Адам баласы қаншалықты ақылды болса да, барлық ғылымды меңгеруге қабілеті жеткен мен осы бір иттің ойлаған дүниесінің оябына жете алмайтыны өкінішті. Ақылды иттің ойлаған ойын БІР СӘТ ТЕ ОЙЛАЙ АЛМАЙТЫН АДАМДАР АЙ!

Ақбота ЕРГЕШБАЙ,
1-курс студенті

АЛДАҒЫ КҮННЕН КҮТЕРІМІЗ МОЛ

Тарих бетіне тағы бір жаңа цифр енді. 2019 жылдың 19 наурызында Нұрсұлтан Назарбаев президенттік өкілеттігін тоқтатты.

Еліміз тәуелсіздік алған тұстан бүгінге дейін ыстығымызға күйіп, суығымызға тоңа білген ел ағасына алғыстан басқа айтар үж болмасы ақиқат. Аяғын тәй- тәй басқан Қазақстанның қабырғасын қатайтып, еркін ұшуға мүмкіндік жасады. Атқарылған игі істер ауыз толтырып айтарлықтай. Барға қанағат, қолдағыға шүкіршілік ету қажет. Алып-қашпа сөздер мен менмендікке салынудың өсте қажеті жоқ. 30-жыл дегеніңіз аз

уақыт емес. Осы уақыт аралығында ілкімді істер атқарылды. Елбасының атқарған адал қызметіне ризашылық білдіреміз. Талай зобалаңды бастан өткерген қазақ үшін Тәуелсіздік деген сөздің өзі алтыннан қымбат. Ал сол алтыннан да қастерлі тәуелсіздігімізді бекемдеп, аяғымыздан нық тұрғызып, еңселі ел еткен Нұрсұлтан Әбішұлына Алпам бойына куат берсін. Еліміз деп егіліп, жұртым деп жұмылған азаматтарымыз аман болғай...

Алдағы күннен күтеріміз мол.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ,
3-курс студенті

ГАЗЕТ ОҚИТЫН ОРЫН ЖОҚ

Университетіміз электронды оқу жүйесін жан-жақты қолдайды. Бұл – игі іс. Алайда интернетке шолу жасауға мол мүмкіндіктер алмастан бұрын бұл қадамға бару қаншалықты дұрыс?



Кітапхана – білім алудың, ізденудің ордасы. Онда қажетті дерегіңді не кітаптан, не БАҚ-тың кез-келген түрінен, немесе сайттан ала алады. Тек оған оңтайлы әдістер жасалуы қажет. Кітапхана компьютермен қамтамасыз етілгенмен студенттер игілігіне жарту үшін саны аз. Сол себепті дерек көздердің шығарылымдарын алып оқуға мәжбүр. Әйтсе де кейбір мағлұматтарды тікелей тік тұрып алуға тура келеді. Ол, әрине, газет-журналдар оқитын орынның жоқтығынан туындаған мәселе. Бұған жайбарақат қарауға болмайды. Себебі газет - ұлттың айнасы. Студенттер мемлекет істерімен, заңнамалар мен қажетті жаңалықтармен ешқандай кедергісіз таныс болуы керек.

Жастар жылында жүзеге асырылған істердің ұлт болашағына берер пайдасы зор. Сол арқылы кітапхананың төртінші қабатында (бұрынғы газет оқитын орында) «Со working» студенттердің өзін-өзі жетілдіретін арнайы орны ашылған болатын. Бұған дән-ризамыз. Алайда оның тың деректерді білуде кедергі жасамауына не арнайы уақыттарда ғана берілуіне жағдай жасау керек секілді.

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ,
2-курс студенті

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

НАУРЫЗ КӨЖЕНІҢ ҚАСИЕТІ

Ұлтымыздың әрбір ас-дәмі мен адам тәрбиесінің астарында үлкен мән жатыр. Арнайы ілім-білімі болмаса да, ата-бабаларымыз тамақ арқылы қауіпті сырқаттардың алдын алып, «ұят болады, болмайды» деген бір-ақ ауыз сөз арқылы жаман әрекеттерден тыйып отырған. Көнеден келе жатқан дәстүрлеріміздің бірі наурыз көже. Наурыз көжені тойып ішкен адам жыл бойы тоқ жүреді деп ырымдаған. Наурыз көжеге не үшін 7 түрлі азық қосылатынын білеміз. Құрамы дәрумен мен минералды затқа тұнып тұрған көже сан түрлі дертке дауа болады. Көженің құрамындағы қоспалардың әрқайсысының өзіндік емдік қасиеті бар.



Наурыз күн мен түннің теңесетін, тіршіліктің оянатын мезгілі. Күн жылынып, қабат-қабат киімнен арылып адамдар да жеңілдеп қалатын шақ. Осы наурыз айы келгенде өзіннің ойыма бірден наурыз көже келеді. Аналарымыз 7 түрлі дәм қосып дайындайтын көженің құрамында су, бидай, жүгері және әркім өз қалауынша тары, күріш, ет, арпа, маш, лобия, кеспе қосып дайындайды. Дәмі тіл үйретін осы көженің пайдасына тоқталайық. Көженің негізі су - тіршіліктің белгісі. «Ұрпақ өрбіп, судай тасып, көбейе берсін» дегенді білдіреді. Екінші дәм - жылқының сүр еті. Қазақтың көжеге қосатын ең маңызды тағамы. Жылқы етінің ең басты қасиеті - жүрек, қан тамыр ауруларына, бүйрек жұмысын жақсартуға, буын сырқатын емдеуге, ішкі ағзаның дұрыс жұмыс жасауына тигізер әсері. Ағза жасушаларын жаңартып отырады, бұл - қартаймаудың басты қағидасы. Бидай В тобындағы дәрумендер мен фосфор, темір, магний, мырыш, калий сынды минералдардың қайнар көзі болып табылады. Арпа. Ежелгі шығыс емшілері арпаның емдік қасиеттері туралы көп айтады. Білетіндердің айтуынша, арпаны тағам ретінде жиі пайдаланатын адамдардың қаны бұзылмайды әрі бұл - тойымды ас. Арпа мидың жұмысын жақсартатын фосфор, зат алмасуды реттейтін темір, марганец, мырыш, калий және кальций элементтеріне бай. Сондай-ақ, А, РР, Е, D және В тобындағы дәрумендердің қайнар көзі болып табылады. Тарының емдік қасиеті жоғары, ол - күш-қуат берумен қатар, бауырдың, бетегенің жұмысын жақсартып, терлетеді, сүйекті нығайтып, жарақатты жазады, теріні әрлендіріп, қан қысымын реттейді және ішек-қарын жұмысын жақсартады. Қазіргі медицинада бұл дақыл адам денесінен антибиотик қалдықтарын жоятынын айтады. Құрамы: фосфор, кальций, магний, натрий, калий, хлор, күкірт, никель, кобальт, алюминий, темір, мырыш, йод, мыс, хром, марганец, фтор, молибден, бор, кремний элементтері мен РР, А, Е, В1, В2, В6 және В9 дәрумендеріне бай. «Кеспе көже күн батқанша, бидай көже ел жатқанша, тары көже таң атқанша» дейді. Ұзақ аурудан өлсіреген адамды ашыған көжемен көтерген. Тары

көже әрі сусын, әрі тамақ болады. Жүгері. Құрамы: Е, А, С, РР және В тобындағы дәрумендерге бай. Сондай-ақ, магний, кальций, калий, натрий, фосфор, темір, мыс сынды минералдарды кездестіруге болады. Күріш В тобындағы дәрумендердің қайнар көзі. Сонымен қатар калий, кальций, йод, темір, мырыш және фосфор элементтерін табуға болады. Маш фосфор, магний, темір, калий, кальций, мырыш, натрий секілді минералдарды, фолий қышқылы мен С, Е, К және В тобындағы дәрумендерді маштың құрамынан алуға болады. Машты үзбей жейтіндер жүрек қантамыр ауруларына шалдықпайды, жүкелері тыныш, холестерін деңгейі қалыпты, қандағы қант мөлшері өзгеріссіз, азғасы мықты болады. Маш иммунитетті көтереді, ақыл-ойды дамытады, есте сақтау қабілетті жақсартады, көру қабілетін қырағы етеді. Сонымен қатар бүйрек пен әйелдерде кездесетін аурулардың алдын алады. Сіздің сүйікті тағамдарыңыздың арасынан маш орын алса, онда сіз тамақ, мұрын, құлақ ауруларына алаңдамасаңыз да болады. Лобияның құрамы В, С және Е дәруменіне, фолий қышқылына, кальций, калий, мырыш, темір элементтеріне бай. Наурыз көжеге қосатын тағы бір дәм бар, ол - құрт. Езген құрт. Сорпаға, тұздыққа, көжеге және басқа тағамдарға қосу немесе сұйық күйінде ішу үшін кепкен құрт ыдысқа салынып, ұнтақталады. Наурыз көжеге осы езілген құртты қосады. Наурыз көжеге құртпен бірге айран да қосады. Айран ұйытылғаннан кейін құрамы өзгеріп, пайдалы бактериялардың саны артады. Олар ағзадағы зиянды бактерияларды жойып, иммундық жүйені нығайтады. Өлбетте, көжеге тек осы тағамдарды қосу керек деген талап жоқ. Көжені құйып беруде де үлкен мән бар. Әдетте, бұл дәмді ыдысқа толтыра құяды. Бұл несібіміз ортаймасын, дәм-тұзымыз мол болсын деген мағынаны білдіреді. Құйылған көжені тауысып ішу — әркімнің міндеті. Себебі, берілген ырзықты қалдырмай ішу жақсылықтың бастауы ретінде бағаланады. Наурыз көже ішілерде қариялар қол жайып батасын береді.

Әзірлеген:
Э.ҚАЛЫБАЙҚЫЗЫ

НАУРЫЗ ТОЙЫ ТҮРКІСТАННАН БАСТАЛДЫ

Ұлыстың ұлы күні Өз-Наурыз мейрамы Түркістанда ерекше аталып өтті. 14 мен 22-сі күні аралығында мәдени, рухани түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Түркістандықтар апта бойы тағылымды шараларды тамашалады.

Көктемнің ең айшықты мерекесі Өз-Наурыз жаңару мен жасампаздықтың бастауы. Ырыс пен берекенің арқауы. Дәстүр бойынша бұл мейрам өз маңызын жоғалтқан емес. Ұлыстың ұлы күніне орай, биыл мәдениет басқармасы 9 күннің күнтізбелік жоспарын бекітті. Мереке көрісу күнінен бастау алып, тағзым ету, тазару күні, көктем шуағы, балалар күні мен бірлік күндерімен жалғасын тапты.

«14 наурыз – «Көрісу күні» болып белгіленді. Онда «Көрісіп, күлімдесіп, мауқын басып...», «Менің елім күндей нұрлы Қазақстан», «Наурыз жыл басы» атты тақырыптарда мәдени іс-шаралар мен кітап көрмелері және танымдық кештер ұйымдастырылды. Ал 15 наурыз «Тағзым күніне» орай дүниеден өткен азаматтардың рухына құран бағышталып, құрбандық шалынды. 16 наурыз «Тазару күні» деп белгіленген. Осыған орай, аудан қалаларда жалпы облыстық сәнбилік өтті. Ал 17 наурызда «Көктем шуағы күніне» байланысты спорттық ойындар ұйымдастырылды. 18 наурыз «Көктем өрнектері күні» деп аталып, қоғамдық көліктер мен мемлекеттік мекемелерді және көшелерді мерекеге сай безендіру қолға алынды. 19 наурыз «Балалар күнінде» цирктік және театрландырылған қойылымдар, ұлттық спорттық ойындар ұйымдастырылды. 20 наурыз «Бірлік күні» аясында ардагерлерді мерекемен құттықтап, дастархан жайылды. Ал 21 наурыз «Наурыз» мерекесі күні облыс әкімінің қатысуымен сағат 10-00 де «Қош келдің, Өз Наурыз!» театрландырылған мерекелік іс-шарасы өтті. Аталмыш шараға университетіміздің өнерпаздары белсене қатысты. Өз өнерлерін ортаға салды. Сол күні 19-00 де «Есімхан» алаңында гала концерт қойылды. Жаңа жылға аман-есен жеткен халық бір-бірімен жарқын жүздесіп, мәре-сәре болды.

ЯУ-ақпарат

ӘЗ-НАУРЫЗ – ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕСІ

Ұлыстың ұлы күні саналған Наурыз – түркі жұртының мерейлі мерекесі. Салт-дәстүрді бекем ұстанған қазақ халқы бұл күнді ерекше дайындықпен өткізеді. Жыл етіп күн жылысымен ауласын, үй-ішін тазартып, талдарды әктейді. Наурыз таза үйге кірсе, ол үй жыл бойына ауру-сырқаудан бөле-жаладан аулақ болады деп санаған. Әрбір үйде дастарқан жайылып, қонақ күтіледі. Ұлыс күні қазан толса, жыл бойына тоқшылық болады деп сенім артқан. Халқымыз ұлы күнге балаған, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі жаңарудың, жасарудың басы. Ата-бабаларымыз қыс мезгілінде мал-жаннның қамымен бір-бірінен қол үзіп қалған халықтың туған-туысын, жақындарын іздеп барып, көрсетін болған. Бұл күні ауыл тұрғындары ерте тұрып, жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Көрші-қолаң бір-біріне «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деп тілек айтады. Яғни, көктемге аман-сау жеткен жандардың тілек айтып, бір-бірімен қауышатын күні. Наурыздың келуімен жер-дүние жасарып, табиғат түлейді, дастарқан аққа толып, елдің мерейі үстем болады. Жер үстінде көктемгі шаттық орнайды. Халқымыз үшін бұл күн – қашанда ырыс пен ынтымақтың, татулық пен бірліктің, жастықтың және жаңғырудың мерекесі. Ұлыстың ұлы күні елдің басы бір арнаға тоғысып, бірлігі бекемделіп, елдік мұраттар сабақталады. Ағайын, туыс, көрші, дос – жұрт болып жұмылып өткеннен қалған өкпе, назын ұмытып, төс қағысып сәлемдесіп, ақ дастарқаннан дәм татады. Қытымыр қыстан

оқиды. Мұны қазақ жұртында «тасаттық» деп те атайтын болған. Тасаттық беру ниет-тес болғандардың шынайы жүректен бірге тілектес болуы – маңызды шарт. Жаратқанның мейіріміне жетіп, жауын жаууының септігі де осында. Қыстың қолайлы, көктемнің сәуірілі, жаздың жайдарлы, күздің күрөнді болуының да көп себебі – адамдардың ниеті, пейілі, адами қасиетінде.

НАУРЫЗ БАТА. «Батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді», деп халқымыз текке айтпаған. Сондықтан осындай айтулы мереке күндері үлкен кісілерден бата алуға тырысу керек. НАУРЫЗДА СЫЙЛЫҚ БЕРУ ДӘСТҮРІ. Ізет, сыйластықтың белгісіндей ағайын-туыстар мен дос-жарандар бір-біріне сыйлық ұсынған. Бұл адамдардың арасында достық пен сүйіспеншілікті нығайтады.

НАУРЫЗДА СӘЛЕМ БЕРУ ДӘСТҮРІ БАР. Ата-бабаларымыздың: «Сәлем түзелмей, өлем түзелмейді», «Сәлем – сөздің анасы», «Сәлем – сөз басы» деген насихаттары сәлем берудің маңызын айшықтай түседі. «Көлікте отырған адам – жаяуға, жүріп келе жатқан – отырғанға, азшылық – көпшілікке сәлем береді», – делінген. Мінеки, мұсылмандық сәлемдесу үлгісі – жай айтылған сөз емес, амандасып тұрған адамға тіршілігінде, әрбір ісінде Алла тағаладан есендік, амандық, берекет тілеу болып табылады. Кім бірінші сәлем береді: – кіші-үлкенге; – өтіп бара жатқан – тұрған адамға; – аттылы адам – жаяуға; – көліктегі кісі жаяуға; – азшылық – көпшілікке; – аурудың алдына көңіл сұрап барғанда; – мешітке кіргенде



аман шыққан ел наурыз тойын тағатсыздана күткен. «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!» – деген тілек-дұғалар айтылатын Наурыз – бірліктің, ынтымақтың, береке мен татулықтың мерекесі. Бұл күні араздасқандар – адамгершілік, ренжіскендер – рақымдылық жолын ұстанады. Асылында мұсылмандар үшін біреуге ренжуге де, өзгені ренжітуге де болмайды. Алайда осынау ізгілік мерекесінде адамдар кешірімділікке, татулыққа ұйысады. ТАСАТТЫҚ «ЖАУЫН ТІЛЕУ» АМАЛДАРЫ. Кейбір жылдары көктем айлары жауын-шашынсыз өтетіні белгілі. Осындай кезде ел болып екі ракат намазын жаңбыр тілеу

сәлем беріледі; – ұл-қызы ата анасына бірінші болып сәлем береді, т.б.

АҒАШ ОТЫРҒЫЗУДЫҢ САУАБЫ МОЛ. Халқымыздың тарапынан Наурыз мерекесінде адамдарға ғана емес, табиғатқа да ерекше қамқорлық жасалып отырған. Ол жөнінде дана халқымыз: «Бір тал кессең, он тал ек» деген қанатты сөз қалдырған. Атадан мал қалғанша, тал қалуын қалаған қазақ елі наурызда ағаш отырғызған.

Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!

НАУРЫЗДА ҒАНА КИІЛЕР, БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР!

Жер ананың жаңарып, қаһарлы қыспен қоштасып, жайдары көктем мен қауышатын шақ та келіп жетті. Дала біткенді деп сал қылған құстар үні, қыстың қалған мұзы жібіген бұлақ дауысы, көкті нұрына бөлеп жадырап тұрған күннің көзі де көктем келгенінен хабар беріп тұрғандай. Көктем келді дегенше Әз Наурыз мейрамы да бірге есік қағады дегеніміз жөн болар. Наурыз мерекесін қазіргі ұрпақ тек наурыз көже ішіп, алтыбақанда сурет үшін ғана бір – екі тербеліп үйге қайту деп түсінеді. Негізінен алғанда 3000 жылдан да әріректе жатқан бұл мерекенің мәні мен мағынасы, қадірі мен қасиеті зор. Наурыз күн мен түн теңеліп жаңа күннің, жаңа жылдың басталарының белгісі. Ата – бабаларымыз Әз Наурызды асыға күтіп ерекше құрметтеген. Бұл мереке бүкіл түркі жұрты үшін айтулы мереке болып табылады. Себебі, осы мерекені яғни жылдың басын қалай қарсы алса жыл солай өтеді деген болжам бар. Сондықтан бұл мерекені барынша мол дастархан мен ерекше көңіл-күймен қарсалатын болған. Дана халқымыздың аталмыш мерекені Ұлыстың ұлы күні деп атауының астарының өзінде де қаншама мән жатыр.

Наурыз – қазақтың салт-дәстүрін барынша көрсететін жалғыз мейрам. Қазақтың киіз үйлерін, ұлттық киімдерін тек осы мейрамда ғана көреміз. Кейде



